



12006
6013к

КАЗІРГІ
ҚАЗАК
ПОЭЗИЯСЫ

Канипа Бұғыбаева

Сондай
сөз





Қанипа Бұғыбаева

*Сонгы
соз*

Өлеңдер,
балладалар,
поэмалар

Алматы
«Казушы»
2005

ББК 84 Қаз 7-5

Б 88

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат жөнне спорт
министрлігінің бағдарламасы бойынша шыгарылды*

Бұғыбаева Қ.

Б 88 Сонғы сөз. Өлеңдер, баллададар, поэмалар. —
Алматы: Жазушы, 2005. — 216 бет.

ISBN 9965-746-08-7


Ақынның бұл кітабына ел мен жер тағдырын өзек еткен
толғанысты жырлары мен балладалары, “Жұт жылы”,
“Ескерткіш”, “Гөкку-Күләш” атты поэмалары және баспа
жүзін көрмеген жаңа өлеңдері енді.

Б 4702250202-013
402(05)-05

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-746-08-7

© “Жазушы” баспасы, 2005



Найзағай бұтағына қонақтадым...

Сен мені тірлігімде жылатпағын,
Жылатып, өлгеннен соң, жұбатпағын.
Ағысы барады екен жылап ағып,
Шағайын десем барып бұлаққа мүн...

Ақ бұлақ тастан-тасқа аунап ағып,
Сөйлейді өз орынын даулап анық?
Маңына мені алалап жолатпайды,
Сыр айтсам деп ем Алатауға барып.

Өксүмен өз жерімде өтті өмірім,
(Басқан жоқ, бетке қинап, “шок, көмірін”)
Пенделер пенделік қып, аяп қалды,
Бұйырған “ит пен құсқа” “көк темірін”.

Қайтемін, табалаған мынау елді,
Еске алдым, Батыраш пен Құлагерді.
Қарғалар бір-ақ сәтте шыңға шығып,
Қырандар шыңырау-құзға құлап өлді.

Көк қарға көк желкемде салады асыр,
Бұрылмай, барады ойнап бала ғасыр.
Сескендім... өсегінен ескен желдің,
Шертейін десем барып далаға сыр.

Осы ма жарық дүние, “жалған” деген,
Өірден өтіп барам арманменен.
Тілімді мазақ етіп, түсінбейді,
Оқып ем барып көкшіл орманға өлең.

Қалқытқан түсімдегі қайда қанат,
Жүрген бір жәндіктеймін жай домалап.

“Мен жердің айнасымын” деп тіл қатты,
Айтып ем “Гауһартасты” айға қарап.

Арыстан, қорқытпайды қасқыр мені,
Салғызған тар кеуделер тас түрмені.
Шолпанның сәулесімен тілдесіп ем,
“Орының қашан келсең бос тұр” деді.

Таң атып, мен туғалы көп күн батты,
Қанатып жүргімді, от тулатты.
Көктегі қол жайып ем ұлы шамға,
Ұлы шам “өртөнесің” деп тіл қатты.

Уақыт белестен бір белеске өтті,
Есектер тұлпар аттай емес, текті.
Құмды шөл желіменен қобыз тартып,
“Қорқыттың көрін” маған елестетті...

Болыпты жerde бұлік, аяусыз көп,
Қашанғы қанатынды жаярсың деп.
Маған құм сыйырлады: “бәрі-бәрі
тайғанақ... тақ та, бақ та баянсыз” деп.

Жел болып, құмда келмес күнірекім,
Келеді жылап өлмей, күліп өлгім.
Бір күнгі “дүние боқтың” құлы болмай,
Келеді өз ұлтымдай ұлы болғым.

Адамның ашқым келіп қабақтарын,
Сезімді күн нұрына сабақтадым.
Үнімді көшкен бұлтқа тыңдатқым кеп,
Найзағай бұтағына қонақтадым.

Байыған шаққым келіп досыма мұн,
Түрінен шошынамын, тосыламын.
Күздегі қурап, тоңған жапырақтай,
Жерімнің топырағына қосыламын.
Баянды басымдағы осы бағым.

Аман бол! Теніздерім, бұлақтарым,
Сарғайып, жеткен арман, бұл ақ таңым.
Сен мені тіршілікте жылатып коп,
Өтірік өлгеннен соң жұбатпағын,
Онсыз да жылап туғам, жылатпағын.

* * *

Жарық дүние! Жарық астау – жарық күн
Жарықтарын жамаудан көп жалықтым.
Қарап түріп қара түннің койнына
Жарығымды келеді бір дарытқым.

Бүтін көніл, кормеген соң бір сауды,
Аспанымның әйнектерін мұн шалды.
“Жарық” десе, көз алдымға кешегі
Елестейді жарық кесе құрсаулы...

Күн мен түннің арасына барып кеп,
Өзімді-өзім қайтем, сонша дәріптеп?
“Керек” болып келіп қалған екенмін,
Мынау жарық дүниеге “жарық” бол.

Меніреу түнге сінді барып бар үнім,
Бар үнімді түншықтырап тар ұғым.
Менің әкем кетіп қалған секілді,
Жамау үшін қара жердің жарығын...
Сәтке ұмытып, ішкі тәқаппарлығын...

Ар жағынан қарамаймын перденің,
Алақаны болды анамның – жоргегім.
Рухы биік, жаны жарық адамдар,
Жарық сыйлас кетеді екен жерге бұл.

Көкілім жарық... қайда барып жай табам,
Толқын ұрған қайықтай боп шайқалам.
Жарығым-ау! Шығып алып “жарықтан”,
“Жарыққа” бір ғашық бопсың қайтадан...

Көріп соны көніліммен конерген,
Бұл өмірде жылап, құліп келем мен.
Алдымағы ақ қағазға жанымның,
Жарық нұрын құйсам деп ем өлеңмен.

Ашуынның төксен маган бар уын,
(Қауызына сыйғандаймын тарынын)
Әлде, аспаннан аға ма екен жұлдыздар
Жер-ананың жамау үшін жарығын.
Жарығым!..

* * *

Үқсамаймын өзгеге... өзгешемін,
Ой кешемін, ормандай сөз кешемін.
Мүмкін, жұз жыл өткен соң... өзіңменен
Кезегім бір келгенде кездесемін.

Тілін алмай, тіресіп... бір жүректің,
Бір жүректің алдында дір-дір еттім.
Шырылдаған кішкентай өмір үшін
Өмірімді тұтқын ғып, тірлік еттім.

Көңілі үшін адамның тіл алғышын,
Шарапаты шашылар мың алғыстың.
Жемтігі көп, тәуелсіз жер бетіне –
Қанатына қызығам қыран құстың.

Жерге де алан, көңілім тасқа да алан,
Тастай болмай, кірпікті жасқа малам.
Қоңыраулатып күймесін ел көшкенде,
Жырым мені жұртына тастамаған.

Жайлап алған жанымды өзге сенім,
Мен болмасам... Сен оған төзбес едің.
Фасырдан бір ғасырға есеп беріп,
Фарыштардан тіл қатып кездесемін...

12 қыркүйек, 2000 ж.

Тұған елге

Осы жерге қаны, тері сіңген аңқау әкемнің,
Осы жерге сыры, жыры сіңген ақын “тәтемнің”.
Мен өзінде жүрем ылғи бала болып, тұс көрсем,
Тұрғыны бол кетті деме, бұлбұлы бол жат елдің...

Сезімімді тұншықтырып, жүре алмаймын ішке мен,
Тұс көрсем сол, өзің жайлы, жазым жайлы тұс көрем.
Қауырсынды қанатымен айдын сыйып өн салған,
Мен егіз бол жаралыптын, киелі акқу құспенен.

Содан ба еken? Өнім түгіл, енеді ылғи түске өлең,
Көктеммен бір тұған соң ба, көңілде жоқ қыс деген.

Кеше ғана жар жагалап, жүріп жалаң аяқпен,
Асып-тасып, ақырған “Ақсұдан” су ішкен ем.

Толқыныңдай толқып аққан, бала едім ғой бүлдіршін,
Көз алдыма елестейтін арман өмір, бүлдыр шың.
Құлағыма Ілиястың Құлагері дүбірлең,
Ақын Сара аруағы ояты ма, кім білсін?

Ашылғандай болды маған бір бөлмеден бір бөлме,
Өсек иті сонынан қалмай қуып үргенде.
Өлең деген өмір құсы алып үшты аспанға,
Молықбайдың қобызына үқсап кеудем жүргенде.

Тұған жерім, көзің сен, өзің сен әкемнің,
Елендеймін, озса екен деп бәйгелерден аты елдін.
Толқыныңда толқынымды құлын-тайдай кісінетіп,
Саған деген сарқылмайтын сағынышымды әкелдім.

Жүрегімнен үшіп шыққан үшқынымды әкелдім,
Көкірегімнен өніп шыққан үш гүлімді әкелдім.
Қанаттарын қағып шексіз аспанымды айналып,
Уысыма қонған келіп Құс, Құнімді әкелдім.

Көзімді аштым әуенде естіп, сыңғыр, сылдыр
сыңғырдан,
Суық уақыт аязы кеп, ойда-жоқта гүлді үрган.
Осы жерде інгәладым, бесігінде тербеліп,
Осы жерде ойнап жүріп, аяғымды сындырғам...

Осы жерде қарсы алғанмын тағдырымның дауылышы,
Тұған жерім, жер кіндігі, “Мысыр-Шәрі” – ауылым.
Осы жерді көз жасымен, күлкісімен суарып,
Осы жерде суга кеткен әжем менен бауырым.

Тұған елім! Жоқ бол кетіп, деме маған не әкелдің?
Қолдан келсе, келер көктен ай-жұлдызды әпергім.
Бабаларым қорғап қалған осынау кең далама
Қарлығаштың көтеріп, сағыныштарын әкелдім.

Осы жерде иісі бар Нұрғайшадай тәтемнің,
Осы жерде иісі бар Әбдірахмандай әкемнің.
О, тұған ел! Кешір мені, кетейін деп бір аунап,
Толқын соққан жүрегімнің жарылышын әкелдім.
Сағынышын әкелдім.

Өкініш

(Баллада)

Сол созіңе, әже, сенің ынтықпын,
Ынтық болып, сиқырлы бір сыр күттім.
“Моншақ түсед мойыныңа жеткізсең”, –
Дегеніңе сеніп, қанша жұн тұттім?..

Сенуші едім ертегіңе мен сенің,
Секілді едім, сенің титтей бөлшегің.
“Алдыңа кеп жұлдыз-моншақ тұсуге
Аз-ақ қалды, тағы да тұт”, – деуші едің.

Коретұғын ақша бұлттай түстегі,
Арман болып қалды сол кез іштегі.
Жұлдыз-моншақ... алқымының астына
Таудай жұнді тұтсем дағы тұспеді.

Тұспесе де, бізге осы істі жүктейтін,
“Тұтпе” дейтін, болсаң моншақ күтпейтін.
Жүннің бетін әжем алақанымен
Басып қойып, тағы азырақ тұт дейтін.

Жарқылдаپ көп жұлдыз-моншақ көзімде,
Неше түрлі берілуші ем сезімге.
Маған әжем сұлулықты аңсатып,
Үйреткісі келді ме еken төзімге?

Жотелуші ем... тұншыққандай, бітіп дем,
Қозғап, ойнап ұшыратын күтіп жел.
Сезінуші ем, сол бір шакта аспанның
Барлық бұлтын отыргандай түтіп мен...

Көп сойлейтін едім сонда былдырлап,
Дүние деген мен үшін бір “бұлбұл бак”.
Жұлдыз-моншақ сол бұлтардың үстіне
Түсетіндей көрінетін сыңғырлап...

Еске аламын ақ, әжемді күнде мен,
Аңқау, тентек қылышыма күлмеген.
Қайран, сол бір қайырымайды-ау балалық,
Сенің қалып... алданғанын білмеген...

Сағыныш боп, түседі еске сол шағым,
Мұйізденіп, ауыратын саусағым.
Енді бүгін жұнін тұтіп ойлардың,
Күтіп жүрмін, өлмес өлең моншағын...

Кейде аяймын...
Еске ап сол қызыбаланы,
Туган жердің ортасында саналы.
Жарқыраған бақ-жұлдызын күтумен –
Жұн тұтумен жүргендей ме ол әлі?
Құм тұтіп бір жүргендей ме ол әлі?..

* * *

“Батыр” бөлек, бұл жерде ақын бөлек,
(Сәлем беріп, жаңыңа жақындаған ек).
Тұмсығынды қөтеріп... кеміттің сен,
“Ауызша өлең айтпаған ақын ба?” деп.

Ақын жанын ойлаушы ем нәзік деп мен,
Ұлылықты алмаймыз қазып коктен.
Өсиетін өлеңмен кейінгіге
Желге ұшырмай Абай да жазып кеткен.

Айнымайды жайнамаз ақ қағаздан,
Жаяулар бар, қанатты аттан озған.
Олең-сөзбен Мұхаммед пайғамбар да
“Құран” етіп сүресін хатқа жазған.

Көкжиексіз... тасқа коз тіреледі,
Тіл-өнерсіз, тобыр ұлт тірі оледі.
Откен небір ақындар жел аузында,
Ел аузында қалмастан бір өлеңі...

Алдың солай сол сөзбен өкпелетіп,
Тағдырымен айтысқан, төкпелетіп.
Аққан судай, артында бір соз қалмай,
Ақын анам өмірден кеткен отіп.

Қызықпайды бәйге мен айтыска кім,
Жердегіні менсінбей, ай құшпалым.
Шоже ақынды Кемпіrbай қеміткендей,
Кемітер дең ешкіммен айтыспадым.

Қанымда ойнап толқыны озенімнің,
(Қобыз-коніл үнінен сеземін мұң).

Окпелеумен өзгеге өтті өмірім,
Огей қызы сияқты өз елімнің.

Біртін-біртін басымнан бұлт тарап,
Күнім шықты сәулесін үмітке орап.
Ояу жырмен ақынды жаяу жүрген
Табалай бер, “дүшпаным”, күліп қарап.

Аты қалған бар ма екен Сарада арман,
Ақындарға айтысқан ана болған.
Ұмытылып бір жерде қалмайын деп,
Қағаз бенен қолыма қалам алғам.

Әлі менің ілесер атыма көш,
(Оңашада құрады ақыл егес).
Жазғандардың барлығы жазушы емес,
Айтысқаннның барлығы ақын емес.
Әлі менің ілесер атыма көш!..

* * *

Кей сезімім... сыртқа шығар шыдатпай,
Кей сезімім іште өледі гүл атпай.
Жазылмаған жырларыма ғашық боп,
Ұяламын, жырымды ескі ұнатпай.

Жол үстіне тастап кетпей бұрылып,
Жүр-жүрлейді бір үмітке бір үміт.
О, қашама дәптерімді өртедім,
Өртенген жыр жалынына жылынып.

Жаным менің жай таба алмай тұрды ұлып,
Сыртқы көзден қалдым солай сыр бүгіп.
Армандарым сұрап менен араша,
Махаббатым күлге айналды шынғырып.

Күл – топырақ, болады ертең тас – көмір,
Арызымды тыңдамаған хош, “тәнір”.
Өлеңге үқсан, өртенген жер астынан
Шөп шыққандай басталады басқа өмір.

Құпиямды кім үқпайды, кім үғып,
Мен ауада ұшып жүрем, тынығып.
Қызына кезекті сыр, өлеңдің,
Тағы біреу өмір сүрер жылынып,
Жарық төгіп бір үмітке бір үміт.

Бозторғай

Әлдилеп тыныштықты сыр тыңда, аспан,
Көнілдің айықтырып бұлтын басқан.
Кеудемде сайрағандай шыр-шыр етіп,
Даланың бозторғайы бір тынбастан.

Жеткізбес желге мініп өмір қусаң,
Қыры бар құпиялы көнілдің сан.
Жазықта шаңқай тұскі шайқалып түр
Қайталап ырғағымды қоңыр жусаң.

Өз даусым жатқандай-ақ өзімді ішіп,
Бұлқынып, аласұрам, төзім қысып.
Арман не, аспаныма еніп кетсем,
Алқызыл арман құшып, сезім құшып.

Басынан кеткендей-ақ бір күні өтіп,
Кішкентай көкірегінен жыл түлетіп.
Сайрайды бозторғайым шаңқай түсте,
Ауада қанаттары дір-дір етіп.

Төменге қадап қойып көз-жанарын,
Арқау бол әуеніне азғана мұн.
Кеудеме кіріп алып ән салғандай
Боз жусаң, бозторғайы боз даланың.

* * *

Ән салмашы, жүргімді сыздатып,
Жанып, сүйп кірпігіме мұз қатып.
Жылағанның көз жасына қол болған
Бұған дейін кетер едік біз батып.

Сөулем менің, сөуленді ойнат, тіл алсаң,
Көніл деген көктемдегі раушан.
Үміт шамын жағып бір сәт алдыннан
Бақыт күні ашылғандай бір ән сал.

Әуеніңе тербетілсін тал-шынар,
Жүректерге тамсын нұрлы тамшылар.
Өзектегі өз қайғынды ұмытып,
Жүрттың жанын жұбатарлық ән шығар.

Қоңыр тірлік дүрмекпенен жан бағып,
Өткізген көп уақыттарын алданып.
Күңгірт тартқан қондікіме сен менің,
Бір әніңмен берші жарық шам жағып.
Тыңдаудыңшы тебіреніп, таңданып.

Ән сал, жаным, жандырып бір, мұздатып,
Толқынымен жүрегімді сыйздатып.
Жылағанның көз жасының түбіне
Кетер едік бүған дейін біз батып.
Әніңменен сыйла әдемі қызы-бақыт.

* * *

Белестер туады екен белестерден,
Адамға алғыс айтам, мені ескерген.
Шежіре, естеліктің лентасындай,
Арманым ақ аспаннан елес берген.

Сөулелі сұлулықты қызықтаймын,
Суреті түседі екен жүзікке айдың.
Жердегі дуние, мансап, дақпырт, даңққа
Пенделік мінезбенен қызықпаймын.

Ұшады аспан жолын сүйіп қыран,
Тұрса да алдын торлап, ұйып тұман.
Аузына сөз түспейтін “жоқтан” басқа
“Қарабай” тірлігінен биік турам.

Жүр екен кімге бүгін, кімдер ұнап,
Құм санап, бірде күліп, бірде жылап.
Бір күні қоңыз құзға домалатқан —
Домалар тезегімен бірге құлап...

О, қанша өткел, белес жолықты алдан,
Үмітім қайта жанды сөніп қалған.
Арман құс! Мені өзіңден адастырма,
Қолыма ақ аспаннан келіп қонған.
Еркелет, ерікті ой, ерікті арман!..

Ауылым

Тұрсың туған анама үқсап,
Қандай ыстық жауының?
Естелігі балалық шақ,
Сағынышым, ауылым.

Көз алдымда шоқыларың,
Желге бетін сүйдірген.
Күнге піскен топырағың,
Табанымды күйдірген.

Сол күнді ойлап толқыдым мен,
Қол бұлғап ең соңымнан.
Ойнап асау толқыныңмен,
Өзеніңе шомылғам.

Жол үстінде қайың қуып,
Емен алды қолымнан.
Сол жағынан айың туып,
Күнің туды оңынан.

Жұлдыздарың құлімдердей,
Арман сыйлап ауылым.
Жаныма жүр тыным бермпій,
Қанымда ойнап дауылың.

Көргем сенен ақ таңымды,
Жер кіндігі – астанам.
Әмір жолы – соқпағымды,
Сенен алғаш бастағам.

Алам жиі сені есіме,
Елеспенен жылдыңым.
Ауыл десе, енесіне –
Кісінеген құлынмын.

Ән-күйменен қалғиды емен,
Көрген тағдыр дауылын.
Жүрегімді әлдилеген,
Сағынышым, ауылым.
Тұған жерім, ауылым.

* * *

Көздерінді көзіме құйып аппын,
Енді бізге кездесу қын-ақ тым.
Жұлдыз түкті көбелек қанатындей,
Кірпігімді жасқанып жиі қақтым.

Коніл көлін мұзжарғыш кеме тепті,
Қарап түрді қара түн кең етекті.
“Бекіре балық тұмсығы тасқа тиіп”,
Неге осынша бұл тағдыр келеке етті?

Үқпадың ба? Жанымды ұқтың бірақ,
Көз жасымды ішіме жұттым, құлап.
Үмітімді шырақ қып жағып кірген –
“Жастық” деген есікten шықтым, жылап...

Асыққанмын...
Білмеймін кімге асықтым,
Табаныммен тасты емес, құм басыптын.
Мен түсімде құлап ем құзға қарай,
Құздан әрең тырмысып, шынға шықтым.

Анталған аш қасқыр, алдым қауіп,
Ауыр жүгім барады тағдырға ауып.
Жүрегімнің жұлмалап жапырағын,
Мен үшін бір жел соқты, жаңбыр жауып.

Ойда жоқта қауызын үміт төкті,
Қызартқандай, ұятым ұрып бетті.
Сәтсіздік сәт төбеме ұршық иіріп,
Долы құйын сыртымнан күліп кетті,
Еске салып, тұнық қүй, тұнық көкті...

* * *

Суретін көрсеткендей іріліктің,
Қарамай батты артына бұрылып күн.
Құрсаулы жер үстінде қыбырлаған,
Мен де бір қамаудағы тірі тұтқын.

Ойландым, осы жайды ұқтым дағы,
(Тұтқынға ұқсайды елдің мықты ұлдары).
Шырмалған бір-біріне адам деген
Тұрмыста, тіршілікте тұтқын бәрі.

Өзінді кеше күттім, бүгін күттім,
Ұстады арамызға шымылдық тұн.
Бүйреккесіз, бұл жүрекке билігім жок,
Көмейге үнім тұтқын, тілім тұтқын.

Келмейді сырбазданып, сырымды ұққын,
Құрбаны болдым жұмбақ сұлулықтын.
Мен түгіл бір-біріне жете алмаған,
Аспанға айым тұтқын, күнім тұтқын,
Көзіңе – көз, тіліңе тілім тұтқын...

* * *

Қарайды аспан!
Қабағына қайғы алған,
Жер бетінің келбетіне жетпей ар.
Екі көзі екі ауызға айналған,
Дүниенің бәрін асап, жеп қояр...

Тістерімен апан аузын жасырап,
Құлқын көзін қоятындақ көріп күн.
Аңға емес, адамға үқсас басы бар,
Құбыжықтың суретінен қорықтым.

Ой астарын ойлап қарап, кісі үғар,
Үқлағанға жай шимай ғой күлкілі.
Көздері оның көз емес, көп тісі бар,
Құбыр-құдық, шөлге үқсайды құлқыны,
Мұндай жандар жанымда жүр бұл күні.

* * *

Ескі мұңды несіне еселедін,
Еске алдырды өткенді осы өлеңім.
Жел сезіммен үзілген жүрегімді
Жапырақ қып жолыңа төсеп едім.

Тайып тұрдың тағдырға бас үргансып,
Жанаарымды кірпікпен жасырған шық.
Жол шетінде жүрегім жатты жылап,
Табаныңмен кеткен соң басып-жаншып.

Бойдан уақыт біртіндең қызуды алды,
Еске түссе есімің, жүзім жанды.
Ауық-ауық ауыртқан жара салып,
Жапырақтай жүректе ізің қалды.

Ізің қалды... іздейді тірліп қыр,
Қарамадың соңыңа бұрылып бір.
Жанаарыма үміттің шамын жағып,
Сабагына шыбықтың ілініп тұр...

* * *

Тоңды ма әлде?
Бұлтқа оранды ай барып,
Үмыттым ба? Сирек алам сені еске.
Біртін-біртін кетеді екен айналып
Откен өмір өндегі тұс, елеске.

Риза емеспін, көшпелі бұл тағдырға,
Өмір ізін бірге өзіммен өшірмек.
Кінәм болса, адамдардың алдында,
Үнім жетпес, күбірлесем “кешір” деп.
Тілім жетпес, дірілдесем “кешір” деп.

* * *

Келіп-кетті бұл дүниеге “дана” мың,
Коңлімен қөріп, білсем баланың.
Сағындырып, тұбінде бір табынтар,
“Табаныңда жаннат бар ғой ананың”.

Ала алмадым, тіршіліктің қамалын,
Таба алмадым, уақыт-мінез... амалын.
Бар адамзат сиынатын Алланың
Суреті бар жүрегінде ананың...

* * *

Өзім қалып... нені айтам, өзіңе мен,
Аспан болсаң, төсінде көз ілер ем.
Дүние күйіп жатса да теріс қарап,
Кетті деме, өзі бол өзіменен.

Тартып келем үміттің жүгін әлі,
Уақыт сырын кім қалай үғынады?
Тірлік жеген тұлкінің жонындағы боп,
Қызықтырып, сәт сайын құбылады.

Білгенімнен көп екен білмегенім,
Керек дейсің жан сырым кімге менің,
Көзге бүгін қалғандай аласарып,
Шырқау биік, кешегі шың дегенім.
Шыңға даусым жетпес деп, үндемедім...

* * *

Басқа арнамын...
Сенің де рас басқа арнан,
Арна көзден көкіргіме жас толған,
Ей, жас үрпак!
Танымайсын сен мені,
Қазір ғана тұскеңдей бол аспаннан.

Есті жимай, келмейді ерте көз ілгім,
Санамда ауыр салмағы бар төзімнің.
Керегі жоқ керемет бір атақтың,
Неше түрлі “атағым” бар өзімнің...

Дақпырт, тұстік, жалғандықпен өшем мен,
Жиіркеніп, не жүқтырдым осы елден?
Керегі жоқ ат, дүние, шапанның,
Шапан киіп туган жоқпын шешемнен.

Болып кетті өзіме жат, өз елім,
Ақша билеп түр ғой, бәрін, сеземін.
Ей, жастығым, танымасаң сен мені,
Танитуғын келеді бір кезегім.
Сеземін...

* * *

Мен тұскен сол Сен де тұстің аспаннан,
Басымызда басқа өмір, басқа арман.
Шарасыздан шарасына көзімнің,
Көздерінен жұлдыздардың жас тамған.

Тұсінбесен, мейлі, мені тұсінбе,
Арман болып, аян берем тұсінде.
Адасып ек бірімізден-біріміз,
Кең дүние, кеңістіктің ішінде.

Арман күйін жыр тілімен айта алман,
Көңіл деген, көл бетіндей шайқалған.
Ақ жүзіне тұсіп қоңыр көлеңке,
Толғатып түр шарасына ай толған...

Басымызда басқа өмір, басқа арман,
Басқа күймен жанарыма жас толған.
Бақылайды жұлдыздарға айналып,
Ата-баба аруағы аспаннан.

* * *

Уақытпен жасарып, жаңғырығар,
Қосып алып аспанның жаңбырын әр.
Арна бұзар басы асай әр толқынның
Ғұмыры бар, күрескөр тағдыры бар.

Бір-біріне шертетін жан жыры бар,
Ұйықтамайды көз іліп мәңгі бұлар.
Аузын ашқан, жалданып арыстандай,
Даусынан тау күркіреп, жаңғырығар.

Өмірді өткен, өтпелі жыр етерсің,
Жұдетерсің, үмітті тұлетерсің.
Жасыл белді сарғайтқан сағынышым,
Қай толқынның ішінде жүр екенсің?.

Толқын, толқын, ақ толқын, сары толқын,
Дүниенің қарасам бәрі толқын.
Ақылтымды адассам, сезім жеңіп,
Әлділейді өмірдің әні, толқын.
Таны толқын, адамның жаны толқын.

Жалын атқан іздел бір жанға шуақ,
Сабырыма сау жеткен сауға сұрап.
Жанағымды жас жуып, ұшып барам,
Бір толқынның жалына жармасып ап...

Жетер жерге жетпесе бір бұрауым,
Жетім қалған сәбидей шыңғырамын.
Құлағыма келгендей қобызымен,
Молықбай-күй, дүбірлі дүлдүл ағын.
Ауыл жаққа асығып, қасқа жолмен
Құйындастып келеді құлдырағым...

* * *

Коңілім менің бірде акпан, бірде аптап,
Уақыт деген ұңғысын түр жырға оқтап.
Көлеңкелер күннің көзін көрсетпей,
Қара жерде қара бұлттай жүр қаптап.

Шарпысада күнгей менен терістік,
(Соз емес қой нені киіп, нені іштік?)
Киялдаумен тыныс алам қиналып,
Өз жанымнан ашып әлем, кеністік.

Көкірегімнің көкжиегі кеңістік,
Кеңістікпен келген достың демі ыстық.
Соғыс жылы келіп едім өмірге,
Өміріме келмей қойды “женіс” түк.

Бір-бірінің тірлігімен тынысталап,
Толқындармен толқын ойнар “қуыспақ”.
Шыңғысхандай қан уысталап тумай Мен,
Тұған екем өмір талын уысталап....

Сезімімнің пернесін сен дұрыс тап,
Мен әйтпесе, ауырып қалам құрысталап.
Арашалап адамзатты азаптан,
Дұниені тек маҳабbat түр ұсталап...

* * *

Еншім емес екен гой бақыт менің,
Көз жасыма жуынар жақұт көңіл.
Өтер... өткен мақсатсыз бекер өткен,
Алып жатыр біртіндеп уақыт кегін.

Тау басынан сырғанап тайғанақ таң,
Өмір – өлең өзектен қайнарап аққан.
Зымырандай қанатты зымыраған,
Күнге кісен салар кім, айға қақпан!

Үлдиы көр, көрсетер өрі қысым,
Көкке қарап үлиды бөрі мұсін.
Өліп-өшіп өлеңге болдым ғашық,
Саған ғашық болғандай сорым үшін...

Оятады осқылап шабытты арман,
Арманшылдар қонысын тауып қонған.
Көzsіз көңілім күшіктей қыңыслайды,
Көшкен елдің жұртында қалып қалған...

* * *

Өтеді адам бір жылап, бір жұбанып,
Боталаған бұлақтай сырғып, ағып.
Қараңғыда қалбаңдал жапалақтар,
Көре алмайды, көрмейді күнді жарық.

Не болса да шын күліп, шын жыладым,
Қараспаңдай келмейді түнжырағым.

Жапалаққа өкпелеп таң алдында,
Үзе алмайды тоқтатып бұлбұл әнін.

Құйылшы бір сыңғырлап жыр бұлағым,
Толқыныңмен сезімді үргылағын.
“Дала” десе... кісінеп арқан-жолмен,
Құлындай боп келеді құлдырағым.

* * *

Ана жалғыз бола берсін, “құдай” мың,
Есіме алып, елестетем, жылаймын.
Көрдім оны мынау жарық дүниеде
Құрметімен, құдіретімен Құн-айдың.

Ұнамаймын. Ал біреуге ұнаймын,
Жалғыздыққа қашанғы осы шыдаймын?
Сағыныштан шаршадым, дем аlam деп,
Жер-ананың құшағына құлаймын.

Бұлбұл сайрап, өз өлкесін жырлаған,
Басқа баққа басын иіп, бұрмаған.
“Тұған ана, тұған жерім бар” деген
Бір ыстық ой демеу болып жүр маған.,

Мазалайды көкірегіңе кеп түрлі ой,
Сен сенбесең, күә болып көк түр ғой.
Тұған жерім, тұған анам тағдырым,
Тағдырымды сатып алған жоқпын ғой...
Жоқпын... бармын... оттан тұған отпын ғой.

* * *

Қаратаудың төбесін қар шалады,
Сағынышты кең дала ән салады.
Қуаныштан сап-сары жапырақтар
“Қайта жасыл болам” деп қол соғады.

Тамыздағы шық көзін таңға ашады,
(Жапырақсыз ағаштың бар ма сөні)
Орнын беріп кезекпен, бәрі осылай
Алмасады, тіршілік жалғасады.

Жасыл көктем, балапан, бала кезен,
Мен сені іздең, үмітпен дала кезем.
Бояуы онған сары ала жапырақтар
Топыраққа қосылып, болады өзен...